сынады. Бұл чемпионатта – білім мен біліктіліктің, шапшаңдық пен тәжірибенің тартысы болды, әр қатысушы өз кәсіби дағдыларын шынайы жағдайда көрсетті. Жамбыл жоғары медициналық колледжінен 405 топ студенті Марат Әдемі қатысып, чемпионатта жоғары нәтижеге қол жеткізіп, кәсіби біліктілігі мен тәжірибесін көрсетіп, бірінші вице-министр Т. Сұлтанғазиевтың II дәрежелі дипломымен марапатталды. Колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова және Ж.А. Тоқташева, Ұ.Б. Тулегенова Алғыс хаттармен марапатталды. Құттықтаймыз!

11.10.2025 ж.Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі мен Ұлттық волонтерлік желісінің ұйымдастыруымен «Төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын жою саласындағы өңірлік волонтерлер форумына» Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Жүректен жүрекке» еріктілер тобының волонтерлері жоғары дайындық деңгейін, ұйымшылдықты, жауапкершілікті және кәсібилікті көрсетіп I орынды иеленді.

Жетекшісі: Айманбетова Н.А.

2025 жылдың 16 қазан күні Тараз қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Республика күніне орай «Қыздарға әсемдік жарасады» атты «Бұрымды қыз» қалалық байқауына Жамбыл жоғары медициналық колледжінен қатысқан студент Шоман Балнұр жүлделі 3 орынды иеленді. Балнұрды жеңісімен құттықтай отырып, бұрымындай ұзақ ғұмыр, нұрындай жарқын болашақ тілейміз! Қашан да қазақ қызының көркі мен рухын паш ете бер!

25 қазан – Республика күні мерекесіне орай Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасының «Бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығы» бөлімінің ұйымдастыруымен 19 қазан күні 2007-2010 жылы туылған жасөпірімдер арасында спорттық іс-шаралардың аудандық жарысы өтті. Жамбыл жоғары медициналық колледжі студенттер командасы жүлделі I орын иеленді, жетекшісі Бейшенов Сағи Сабырұлы «Үздік төреші» дипломымен марапатталды. Құттықтаймыз!

29.10.2025 ж.Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық орталықтың ұйымдастыруымен «Мен зерттеушімін» облыстық экологиялық байқауында сарапшы ретінде қатысқан колледж оқытушысы Сагиндыкова Б.А. Алғыс хатпен марапатталды.

29.10.2025 ж. Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі ұйымдастыруымен өткізілген «Тарих және қоғамдық пәндерді оқытуда жасанды интеллектіні қолданудың тиімділігі» тақырыбындағы қалалық семинар-практикумға информатика пәнінің оқытушысы Құдайбергенова А.К. қатысып, сертификат берілді.

№2
05.10.2025 ж.

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

01 **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС**
Педагогикалық кеңестің кезекті отырысы өткізілді.

02 **ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІ**
Жас мамандар мектебінің кезекті отырысы өткізілді.

03 **ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ**
Тәрбие жұмысының ұйымдастыруымен тәрбие сағаты, психилогиялық тренинг өткізілді.

04 **АШЫҚ ЕСІК КҮНІ**
“Мамандық таңдаудағы дұрыс қадам” тақырыбында “Ашық есік күні” ұйымдастырылып өткізілді.

05 **ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТ ӘЛЕМІ**
Білім беру үрдісіне жасанды интеллект технологияларын енгізу

06 **ҚҰТТЫҚТАУ!**
колледж оқытушыларымен студенттердің жетістіктері

07 **ҚҰТТЫҚТАУ!**
«MedskillsZhetysu – 2025» халықаралық қатысуымен Республикалық чемпионаты

08 **ҚҰТТЫҚТАУ**
Колледж оқытушыларымен студенттердің жетістіктері

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС 01

10.10.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде педагогикалық кеңесінің отырысы өткізілді.
Күн тәртібінде:
Педагогикалық кеңестің хатшысын сайлау.
1. Қабылдау комиссиясының 2025-2026 оқу жылы жұмысының қорытындысы.
Жауапты: қабылдау комиссияның хатшысы Мураталиева Н.М.
2. 2024-2025 оқу жылының II жартысындағы білімгерлердің қарыздарын жою туралы есеп.
Жауапты: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Л.Т.
3. 2025-2026 оқу жылына педагогикалық ұжымы қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттарын бекіту:
– педагогикалық кеңестің құрамы және жұмыс жоспары;
– штаттық кесте, оқу жоспары мен оқу графигі;
– әдістемелік кеңестің құрамы мен жұмыс жоспары;
– колледжде жұмыс жасайтын комиссиялар және олардың құрамы,
төрағалары;
– ақылы және ақы төленбейтін кабинеттер мен зертханалардың
меңгерушілері;
– үйірме және спорт секцияларының жетекшілері;
– циклдық-әдістемелік комиссиялар және олардың құрамы, төрайымдары;
– топ жетекшілері.
Жауапты: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Л.Т.
4. Әр түрлі сұрақтар.

ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІ 02

13.10.2025 ж. Оқу- әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен **«Жас маман, болашаққа бас қадам»** тақырыбында жас мамандар мектебінің отырысы өткізілді.
Күн тәртібінде:
1. Жас мамандарды және педагог-тәлімгерлерді таныстыру. Педагог тұлғасына қойылатын талаптар.
Жауапты: әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Мейрманова Л.К.
2. Теориялық сабақ жоспарын құрастыру бойынша практикум. Жауапты: «Мейіргер ісі негіздері» пәнінің оқытушысы Коканова А.Ж.
3. Тәжірибелік сабақ жоспарын құрастыру бойынша практикум. Жауапты: «Жұқпалы аурулар» пәнінің оқытушысы Сапарова И.Ш.
4. Қысқа мерзімді жоспарды құрастыру бойынша практикум. Жауапты: биология пәнінің оқытушысы Бекмурзаева Д.Т.
5. Нормативтік құжаттармен таныстыру (журнал толтыруды түсіндіру). Жауапты: офис –регистратор басшысы Дүйсембаева У.Е.
6.Жас мамандарға «Platonus» платформасы бойынша әдістемелік көмек көрсету. Жауапты офис регистратор маманы: Жакипова М.Ж.
7.Психологиялық тренинг. Жауапты: колледж психологы Сүйінбекұлы К.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ 03

23.10.2025 ж. «Балауса» қыздар клубының жоспарына сай «Ұлтыңды тәрбиелеймін десең, ұлыңа, халқыңды тәрбиелеймін десең, қызыңа тәлім бер» тақырыбында қыздар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараның мақсаты: қыздардың психикалық және репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша білім деңгейін арттыру, адамгершілік пен отбасылық құндылықтарды қалыптастыру, сондай-ақ өз болашағына және ұлт болашағына жауапкершілікпен қарау сезімін дамыту болды.
Түсіндірме жұмыстарының спикерлері:
1. Жастар денсаулық орталығының гинекологы- А.Б.Рустембекова.
2. Жастар денсаулық орталығының психологы- А.Т. Жаркимбекова.
3. Колледждің педагог-психологтары - А.Н.Оскенбаева, А.Б.Мираева.
Ұйымдастырушы: А.Н.Оскенбаева.

29.10.2025 ж. Психологиялық қызметтің жоспарына сай «Ішкі тыныштық-шынайы бақыт» тақырыбында студенттерге арналған тренинг өткізілді. Тренинг мақсаты: студенттерді сыртқы және ішкі стресстен босатып, өз өмірінің басты мақсатын

анықтауға бағыттау. Студенттерге өз ішкі дүниесін тазартып, жан тыныштығын сезіне бақытты өмір сүруді үйрету. Қатысушылар өздерін толыққанды түсініп, ішкі және сыртқы дүниесін үйлестіре отырып, өмірдің шынайы бақытын табуға дайындау. Тренинг барысында: «Жақсы адам бейнесі » жаттығуы, «Ойланып көрейік», «Күйме», «Аңыз әңгіме –Шегенің өзі», «Нұрға бөлену» ойындары өткізілді. Тренинг барысында қатысушылар өзін тану, эмоцияларын басқару, позитивті ойлау және қазіргі сәтті бағалау сияқты маңызды дағдыларды меңгерді.
Ұйымдастырушы:Мираева А.Б.

24.10.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «25 қазан – Республика күніне» орай «Емдеу ісі» бөлімінің 224ЛФ-9/24 топ студенттерімен «Қазақстан Республикасы күні – Тәуелсіздік пен халық бірлігінің нышаны!» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мемлекеттік Әнұран шырқалып, колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна мерекемен құттықтап, осы

күннің тарихи маңыздылығын атап өтті. Іс-шара барысында студенттер Республика күні туралы деректермен танысты. Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу жолындағы тарихи оқиғалар талқыланды. Қатысушылар еліміздің рәміздерін құрметтеудің маңызы мен мемлекеттің тәуелсіздігін сақтау жолында әр азаматтың парызы бар екенін ұғынды.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ 04



23.10.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжі базасында Тараз қаласының №29, №49 орта мектептерінің 9-сынып оқушыларына «Мамандық таңдаудағы дұрыс қадам» тақырыбында Ашық есік күні ұйымдастырылды.
Мақсаты: оқушыларға болашақ мамандық және кәсіби бағдарын таңдауға көмектесу, медицина мамандығы және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту. Оқушылардың алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру.
Жауапты: тәжірибе ісі бойынша әдіскер Л.А.Артықова

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ-ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ ҚҰРАЛЫ 05

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау мақсатында, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 90 жылдық мерейтойына байланысты ұйымдастырылып отырған бастамалар қолға алынуда. Соның бірі – заманауи білім беру үрдісіне жасанды интеллектіні енгізу.

24.10.2025 ж. №1 арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссия оқытушысы Ағадилова Жадыра Құрманбекқызы 422 ЕФ-9/22 тобымен жасанды интеллект аясында Виртуалды кеңістік(VR) тақтасын қолданып, «Инсульт кезіндегі дәрігерге дейінгі көмек» тақырыбында теориялық шебер-сынып өтті.
Мақсаты: студенттер виртуалды симулятор арқылы тәжірибелік білімді жаңа жағдайларда тиімді қолдана алуды үйренді. Шебер-сынып барысында студенттер инсульттің түрлері, белгілері және дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету алгоритмі бойынша меңгерді. Шебер- класының ерекше тұсы – виртуалды көзілдірік (VR-очки) арқылы алғашқы көмек көрсету дағдыларын тәжірибелік түрде меңгерді.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ 06

8-9 қазан 2025 жылы Талдықорған қаласында «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК базасында «MedskillsZhetysu – 2025» халықаралық қатысуымен Республикалық чемпионаты өтті. Талдықорған жоғары медициналық колледжінде Қазақстанның 18 өңірінен үздіктер бас қосып, бақ